Кіріс 3-1/510

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2019 жылғы 19 наурыз Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Рыскулбеков, талап қоюшы «Best PRO» ЖШС-нің жауапкер «Шардара ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не орташа жөндеу жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №3084011-1 санды конкурсын ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушілерге қатысты заңсыз қойылған талаптарына байланысты әрекетін заңсыз деп тану туралы талап қою арызымен танысып,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы жоғарыдағы талап арызбен сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 27- бабына сай талап қою арыз Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралуға жатады.

Талап қою арызы Қазақстан Республикасының АПК-нің 148-149-баптарына сай келеді.

Іс құжаттарын қарап, судья талап қою арызы өндіріске қабылдауға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 14- бабына сай сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы берілген тілге байланысты белгіленеді.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 268-269- баптарын басшылыққа алып, судья

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Best PRO» ЖШС-нің жауапкер «Шардара ауданының Достық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-не орташа жөндеу жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №3084011-1 санды конкурсын ұйымдастыру кезінде әлеуетті өнім берушілерге қатысты заңсыз қойылған талаптарына байланысты әрекетін заңсыз деп тану туралы талап қою арызы сот өндірісіне қабылдансын.

Іс қазақ тілінде жүргізілсін.

Судья Рыскулбеков К.О.

Құжатқа қол қойылған: Рыскулбеков К. О., 19.03.2019

5165-19-3-1/510